

ОТАН - ҰЛЫ ҰҒЫМ

Отан... осы бір қасиетті ұғымның мағынасы өте тереңде. Еліміздің отан болып қалыптасуы жолында халқымыздың даналығы, ерлігі, қайтпас қайсарлығы жатыр емес пе? Қазақ елі талай қиын қыстау кезеңдерден өтіп, бүгінгі күні әлем таныған, терезесі ешкімге тең келмейтін жеке тәуелсіз мемлекет атанып отыр. Бұның барлығы бізге ақ пейілді аналарымыздың көз жасы мен ержүрек бағыр азаматтарымыздың бағасына татиды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне келіп білім алуға келіп жатқан қандастар да ата-бабасының жеріне үлкен сезіммен, үлкен үмітпен келіп отыр. Елің үшін мақтан, елің үшін қайғыр» Ғабит Мүсіреповтің ұлағатты сөздерін еске ала отырып, жер бетіндегі әр адамның өз туған жерінен артық жер жоқ екеніне көңіл аударамыз. Туған жеріңе деген махаббатыңды, сүйіспеншілігіңді алғаш дүние есігін ашқан кезіңнен- ақ байқауға болады. Кішкентай кезімізден Отан сөзін- біздің сүйікті отбасымыз, айналамызды қоршаған табиғатымыз, адамның туып- өскен жері, туған- туысқандарымыз, жақындарымыз, атамекеніміз деген сөздермен ұштастыра өстік. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны Қазақстан Республикасы. Отанымыз бізді анамыз сияқты аялап, мәпелеп, өсіріп, бақытты болуымызға барлық жағдай жасады. Отаным менің кең-байтақ, әрі бай ел. Бұл ел, әр түрлі халықтарды бір шаңырақ астына жинап отырған, тату- тәттілікте ғұмыр кешіп жатқан қазақ елі. Қазақстан - бейбітшілік үшін күресетін мемлекет. Біздің еліміз егемендігін бүкіл әлемге паш еткен, бүгінгі таңда тәуелсіз елдің туы астында өмір сүріп жатқан елдер қатарында. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы Қазақстан Республикасының жетістіктері өсуде. Осынау жылдарда елдігімізді танытып, еңсемізді көтерген қаншама ұлы оқиғалар болды. Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды. Осы өткен жолдарымызға қарасақ, әр жылдың өз шежіресі, сыры, тарихы, қасиеті бар. Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың ұлттық мәдениетін көркейтп, бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған ұлы еліміз. Кешегі тарих жолында елдің ел болуына қызмет еткен халқымыздың асыл ұлдарына ұқсап өсіп келе жатқан жас ұрпағымыз да елімізде аз емес.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне келіп білім алуға келіп жатқан қандастар да елдің ертеңгі азаматы болу үшін білім алып, болашақтарынан үлкен үміт күттіріп отыр. Отанымыз жарқын болашаққа бастап, әрдайым береке-бірліктің ордасы болуын нәсіп етсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары
А.М.Какенова, М.Ш.Тойғанбекова, Ж.С.Әділханова.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы идеяларын насихаттай отырып, көптеген бағыттарды жүйелі түрде жүзеге асыруда. Рухани жаңғыру мен жаңаруда, еліміздің дамудың жаңа деңгейіне көтерілуіндегі ғылым биігіне өрлеуде, білім беруде және жас ұрпақты тәрбиелеуде, қоғамдық сана жаңғыруының қозғаушы күшіне айналуға жоғары оқу орындарының орны ерекше.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде <https://www.kaznu.kz> «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Салауатты өмір», «Green campus» жобалары табысты жүзеге асуда. Осы жобалар аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ұйымдастыруымен бірнеше ғылыми-танымдық, тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар өткізіп отырады. «Рухани жаңғыру» ұлттық жобасын іске асырудың маңыздылығын ескере отырып, «Айналанды нұрландыр» негізінде заманауи қазақстандық мәдениетті әлемге таныту, ұлттық мәдениетті, қасиетті рухани құндылықтарды шетелдік азаматтарға кеңінен таныстыру мақсатында студенттердің адамгершілік-рухани мәдениеті деңгейін арттыруға бағытталған «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» ғылыми-танымдық жобасын жүзеге асырды. / Көптеген жылдар бойы еліміздің бас сахналарының бірі саналатын Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрына шетелдік тыңдаушылар барып, "Мұғалім" атты қойылымын тамашалап ерекше әсерге бөленіп, рухани демалып қайтты.

Бұл театр қазақ ұлттық театр өнерінің бейне бір өзіндік бесігі іспеттес. Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрымен танысу елдік бейнеміздің кәусар бұлағы екенін, оның пайда болу тарихы, осы киелі театр арқылы біз өткен тарихымызды, мәдениетімізді білетінімізді шетелдік студенттерге дәріптеу. Оларды ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды құрметтеуге тәрбиелеуде театрға саяхаттың берері мол болды. Бұл, біріншіден, қазақ халқының жоғары мәдениеті мен өнегелік қасиеттері туралы шетелдік студенттердің тарихи-мәдени білімдерін көтерудің өзгеше формасы, екіншіден шетелдік студенттердің ой-танымын қалыптастырудың негізі болар бірден-бір жақсы шара болды.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында өткізілген ғылыми-танымдық шаралар шетелдік тыңдаушыларды Қазақстанның тілін, тарихын және мәдениетін құрметтеуге үйретуде өз үлесін қосты деуге болады. Нақты жаңғыру - білім биігіне, ғибратты ғылымға, өнімді еңбекке талпыну деп санауға болады.

Сандықбаева У.Д., Мужигова Г.М., Дауытова Ж.Қ.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ДАМУЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ТАБЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан республикасындағы жоғары білім беру жүйесінде болашақ кәсіби мамандарды даярлау еліміздің экономикасын, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-мәдени құрылымын дамытуға және әлемдік нарықтарға интеграцияланған бәсекеге қабілетті тұлға дайындауға бағытталған сапалы білім мен саналы тәрбиеге негізделеді. Қазіргі таңда еліміздің ғылымын дамыту мақсатында студенттер мен магистранттарды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту және олардың шығармашылық қабілеттерін, іздену іскерліктерін дамытуға орай әр университет өзінің қызметінде ауқымды істер атқарады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> ғылыми және кәсіби салаларда жаһандық мәселелер бойынша зерттеулер жүргізетін, шет елдермен және аймақтармен академиялық байланыстар орнатуға қабілетті, ғылыми ізденістерінің жаңашылдығымен орасан жетістіктерге жетіп отырған іргелі оқу орны және білім алушыларды қолдауға дайын ғылыми-зерттеу ордасы болып табылады. Еліміздің сан-салалы кәсіби қызмет орындарына мамандарды дайындауда заманауи басымдылыққа ие, көшбасшы болып отырған бұл университет жоғары білім жүйесінде ғылыми және білімдік инновациялық органы дамытудың озық үлгісі болып отыр. Қандай да болмасын мемлекеттің даму стратегияларында болашаққа деген сенім мен игі мұраттарға бастайтын құндылықтардың қатарында ғылым мен білімнің маңызы айрықша. Ғылым - дүниетанымдық әдіс және мәдениеттің бір саласы ретінде қоғамның мәдени-әлеуметтік маңызды құбылыстарының дамуына ықпал ететін категория болса, білім - адамзаттың тіршілік ету сферасынан өмірлік тәжірибе арқылы жинақталған іс-әрекеттік өнімнің көрсеткіші және ғылым заңдарының теориялық ережелер мен тұжырымдардың тәжірибеде дәлелденген жалпы түсінігінің жиынтығы. Сөйтіп, ғылым тәжірибе жүзінде анықталған нақты уәждер мен қисындық заңдарға сүйенетін нәтижелер мен қорытындылардың негізінде білім әлемін құрайды. Сондықтан олар өзара байланысты және бір-бірін толықтыратын, табиғат пен адамзат арасын байланыстырушы желі болып саналады. Ендеше, ғылым мен білімнің өзара сабақтастығында болашақ мамандарды кәсіби дайындаудың үлгісін көрсетіп отырған университетіміздің ғылыми-зерттеу бағытындағы қызметінің маңыздылығы зор деп айта аламыз.

Университет құрамындағы ғылыми-зерттеу институттарында студенттер мен магистранттарды, докторанттарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу заманауи кәсіби мамандарды дайындаудың бір шарты ретінде қарастырылады. Болашақ мамандарға таңдаған мамандығы бойынша іргелі білім беру ғана емес, олардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға қажетті практикалық бағыттың күшеюі де қажет. Ғылыми-зерттеу жұмыстары білім алушыларды жаңа идеяларды таным тұрғысынан қабылдап, өзбетінше зерттеулер жүргізуге, жаңа ғылыми жаңалықтарды игеруге машықтандырады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі <https://www.kaznu.kz> басымдылық - жаңа білімнің трансферті саналатын іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулерді дамыту отырып, заманауи ғылыми-зерттеулерді жүргізуге, сол сияқты үздік ғылыми университеттермен бәсекелесуге мүмкіндік береді. Университет қабырғасында бәсекеге қабілетті іргелі және қолданбалы зерттеулерді үйлестіру, ғылыми-зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру білім беру жүйесінде инновациялық белсенділікті жоғарылататын қажеттілік пен талаптан туындап кәсіби жетістерге жетелейді. Біздің университет жоғарғы әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануға, өндіріске енгізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған инновациялық жоғары оқу орны ретінде «Қазақстан Республикасының сұранысқа ие жоғары оқу орындары – 2022» ұлттық рейтингінде QS WUR халықаралық рейтингінде бір жыл ішінде 25 позицияға жоғарылап, 150-орынға көтерілді. Аталған маңызды жетістіктерді басшылық, оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушылардың ғылыми ізденістерінің нәтижесі әрі университет құрамындағы барлық факультеттердің міндетімен ұштасып жатқан ғылыми табыстылық деп білеміз. Сондай факультеттердің бірегейі «Философия және саясаттану» факультеті еліміздің қоғамдық-әлеуметтік саласына қажетті мамандарды дайындауда орасан зор жетістіктерге жетіп отырған факультеттердің бірі болып саналады.

Факультет әлеуметтік-гуманитарлық пәндер аясында он мамандық бойынша мамандар дайындайды, шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен және Ресейдің жетекші университеттерімен бірге қос дипломды білім

беру бағдарламасын жүзеге асырады. Факультеттің кәсіби тұрғыда қалыптасуы университеттік білім мен мәдениеттің, қазақстандық философия, мәдениеттану, дінтану, исламтану, әлеуметтану, психология, педагогика, саясаттану ғылымдарының дамуымен сабақтасып, оқыту үш тілде жүргізіледі. Студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыруға, цифрлы қоғамда сапалы жаңа ақпаратты алуға, интеллектуалды, мәдени, адамгершілік және физикалық дамуға тұлғалық қасиеттерді бойға жинақтауға, әр студенттің табиғи талантын ашуға, әлеуметтік өзгерістерге бейімделу дағдыларын үйренуіне, мінез-құлықтың позитивті үлгілерін дамытуларына мүмкіндік тудыруда факультеттегі барлық кафедралар өзара байланыста қызмет етеді. Факультет деканы профессор Б.Б.Мейірбаевтың басшылығымен атқарылып жатқан істер университетіміздің үздік жоғары оқу орындарына қойылатын талаптар тұрғысынан үнемі жетілдіріліп, дамып отырады.

Факультет құрамындағы «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының еліміздің білім беру ошақтарына педагог мамандарды дайындаудағы сүбелі үлесі орасан зор. Қазіргі уақытта кафедра «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «Білім берудегі менеджмент», «Инклюзивті білім беруді медициналық-педагогикалық сүйемелдеу», «Педагогикалық өлшемдер» білім беру бағдарламасының бакалавриат, магистратура, PhD докторантура сияқты үш сатылы жүйесінде жұмыс істейді. Кафедраның ғылыми-зерттеушілік әлеуеті, білім беру мен оқытудағы инновациялық бағыты мен деңгейі жоғары. Кафедра ұжымын еліміздің танымал ғалымы, профессор Н.С.Әлқожаева басқарып, көптеген ғылым докторлары мен кандидаттары және PhD жас ғалымдар еңбек етеді.

Қорыта айтқанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> ертеңгі мамандарға кәсіби сапалы білім беруді, терең ғылыми-зерттеулер жүргізуді, жаңа инновацияларды өндіріске енгізуді жүзеге асырып келе жатқан таңдаулы оқу орны болып табылады және университеттің болашақ дамуы еліміздің игілігіне қызмет ететін мамандарды дайындаудың үлгісі деп айта аламыз.

Әрінова Б. А., Молдасан Қ. Ш. пед. ғыл. кандидаттары, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценттері; Рамазанова С. Ә., Аринова Н. А. пед. ғыл. магистрлері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушылары